

Атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Вагулино ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 ақпандағы № 1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 ақпанда № 6045 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 22 қазандағы қорытындысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Вагулино ауылы халқының пікірін ескере отырып, Вагулино ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса берілген схемалық картаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Вагулино ауылдық округінің Вагулино ауылының атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

№ 1 атауы жоқ көше – Егемен Қазақстан көшесі;

№ 2 атауы жоқ көше - Жеңіс көшесі;

№ 3 атауы жоқ көше – Достық көшесі;

№ 4 атауы жоқ көше - Береговая көшесі;

№ 5 атауы жоқ көше - Қызылжар көшесі;

№ 6 атауы жоқ көше - Солтүстік көшесі;

№ 7 атауы жоқ көше - Еңбек көшесі;

№ 8 атауы жоқ көше - Жастар көшесі;

№ 9 атауы жоқ көше - Школьная көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.


3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданы
Вагулино ауылдық
округінің әкімі*

Л. Терехова

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы
Вагулино ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы
18 ақпаны № 1 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Вагулино ауылдық округінің Вагулино ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы схемалық карта.



Вагулино ауылдық округінің әкімі Л.Терехова